


ASUS үстел компьютері

Пайдаланушы нұсқаулығы



VM501MH/VM501MHC/VM501MHES

KZ26764

Бірінші шығарылым

2025 жылдың қазаны

Авторлық құқық © 2025 ASUSTeK Computer Inc. Барлық құқықтар қорғалған.

Сатып алушыдағы сақтық көшірме ретінде сақталған құжаттаманы қоспағанда, осы нұсқаулықта сипатталған өнімдер мен бағдарламалық құралды қоса алғанда, ешбір бөлігін ASUSTeK Computer Inc. компаниясының тікелей жазбаша рұқсатынсыз көшіруге, тасымалдауға, қайта жазуға, іздеу жүйесінде сақтауға немесе кез келген тілге кез келген нысанда немесе кез келген тәсілмен аударуға болмайды («ASUS»).

Өнімнің кепілдігі немесе қызметі келесі жағдайларда ұзартылмайды: (1) егер ASUS компаниясының жазбаша рұқсатынсыз бұйым жөнделсе, жетілдірілсе немесе өзгертілсе; немесе (2) өнімнің сериялық нөмірі бүлінген немесе жойылған болса.

ASUS БҮЛ НҰСҚАУЛЫҚТЫ «НАҚТЫ КҮЙІНДЕ», НАҚТЫ НЕМЕСЕ БОЛЖАМДЫ КЕПІЛДІКТЕРСІЗ, ОҒАН ҚОСА, БІРАҚ ОЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙ, КӨЗДЕЛЕТІН КЕПІЛДІКТЕРСІЗ, ТАУАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫН РАСТАЙТЫН КЕПІЛДІКСІЗ ҰСЫНАДЫ. ASUS КОМПАНИЯСЫ, ОНЫҢ ДИРЕКТОРЛАРЫ, ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ НЕМЕСЕ АГЕНТТЕРІ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАНАМА, ҚАСАҚАНА, БАЙҚАУСЫЗ НЕМЕСЕ ҮСТЕМЕ ШЫҒЫНДАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ КІРІСТІ, БИЗНЕСТІ, ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІН НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЖОҒАЛТУ, БИЗНЕСТІҢ ТОҚТАУЫ ЖӘНЕ Т. Б.), ТІПТІ ASUS КОМПАНИЯСЫ МҮНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ БОЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІЛГЕН БОЛСА ДА ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТАҒЫ НЕМЕСЕ ӨНІМДЕГІ КЕЗ КЕЛГЕН АҚАУЛАР НЕМЕСЕ ҚАТЕЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАҒАН ШЫҒЫНДАР ҮШІН ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ЖАУАПҚЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТА ҰСЫНЫЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР МЕН МӘЛІМЕТТЕР ТЕК АҚПАРАТТЫҚ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ҰСЫНЫЛЫП, КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА ЕСКЕРТУСІЗ ӨЗГЕРТІЛУІ МҮМКІН ЖӘНЕ ASUS КОМПАНИЯСЫНЫҢ МІНДЕТІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛМАУЫ КЕРЕК. ASUS ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТА, СОНЫҢ ІШІНДЕ ОНДАҒЫ ӨНІМДЕР МЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДА ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН КЕЗ КЕЛГЕН ҚАТЕЛЕР НЕМЕСЕ ДӘЛСІЗДІКТЕР ҮШІН ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

Осы нұсқаулықта кездесетін өнімдер мен компаниялардың атаулары тиісті компаниялардың тіркелген сауда белгілері немесе авторлық құқықтары болуы не болмауы мүмкін және құқық бұзу мақсатынсыз тек сәйкестендіру немесе түсіндіру мақсатында құқық иелерінің мүддесі үшін қолданылады.

ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

<https://www.asus.com/support/> сілтемесі бойынша біздің көптілді сайтымызға өтіңіз.



Мазмұны

Мазмұны	3
Ескертулер.....	5
Осы нұсқаулықта қолданылатын шартты белгілер.....	9
Қауіпсіздік туралы ақпарат	10
Қосымша ақпаратты қайда табуға болады.....	13
Жиынтық құрамы.....	14

1-бөлім Жұмысты бастау

Қош келдіңіз!	15
Компьютеріңізбен танысу.....	15
Компьютеріңізді орнату.....	24
Компьютеріңізді қосу.....	27
Жылдам қосуды белсендіру	27

2-бөлім Құрылғыларды компьютеріңізге қосу

USB сақтау құрылғысын қосу	29
Микрофон мен динамиктерді қосу.....	30
Сыртқы аудио шығысына ауысу.....	33
Бірнеше сыртқы дисплейлерді қосу	34
HDTV қосу.....	35

3-бөлімКомпьютеріңізді пайдалану

Үстел компьютерін пайдаланғанда дұрыс отыру.....	37
BIOS арқылы USB порттарын теңшеу.....	38
BIOS арқылы HDD қауіпсіздігін орнату	38
BIOS арқылы пернетақтаны/тінтуірді теңшеу (таңдаулы үлгілерде ғана).....	40
Жеке деректеріңізді жою	40

4-бөлім Интернетке қосылу

Сымды байланыс	41
----------------------	----

5-бөлімASUS Business Manager құралын пайдалану

ASUS Business Manager.....	47
----------------------------	----

6-бөлім Техникалық ақауларды жою

Техникалық ақауларды жою	49
--------------------------------	----

Қосымша	Windows® жүйесімен жұмыс істеу	
Алғашқы рет қосу		57
Мәзірді қосу		57
Windows® қолданбалары		58
Сымсыз желілерге қосылу		58
Сымды желілерге қосылу		59
Компьютеріңізді өшіру		59
Жылдам қосу белсендірілген кезде компьютеріңізді өшіру		59
Компьютеріңізді ұйқы режиміне орнату		60

Ескертулер

ASUS өнімдерін қайта өңдеу және қайтару қызметтері

ASUS өнімдерін қайта өңдеу және қайтару бағдарламалары қоршаған ортаға деген жауапкершілігімізді көрсетіп, экологиялық тұрақтылықтың ең жоғарғы стандарттарына сай жүзеге асырылып келеді. Сіз өнімдерімізді, батареяларымызды, басқа құрамдастарымызды, сондай-ақ орау материалдарын жауапкершілікпен қайта өңдей аласыз деп сенеміз. Әртүрлі аймақтарға арналған қайта өңдеу ақпаратын алу үшін <https://esg.asus.com/en/Takeback.htm> сілтемесі бойынша өтіңіз.

REACH

REACH (химиялық заттарды тіркеу, бағалау, рұқсат беру және шектеу) нормативтік базасына сәйкес біз <https://esg.asus.com/Compliance.htm> сілтемесі бойынша ұсынылған ASUS REACH веб-сайтында өнімдеріміздегі химиялық заттар туралы ақпаратты жарияладық.

Федералдық байланыс комиссиясының мәлімдемесі

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15 бөліміне сәйкес келеді. Пайдалану келесі екі шартқа сәйкес жүзеге асырылады:

- Осы құрылғы зиянды кедергілерді тудырмауы керек; және
- Осы құрылғы кез келген кедергілерді, соның ішінде дұрыс жұмыс істемеуге әкелетін кедергілерді қабылдауы керек.

Бұл жабдық FCC ережелерінің 15-бөлімінің В санаты бойынша сандық құрылғыларға қойылатын талаптарға сай сыналып, сәйкес келетіні расталды. Бұл шектеулер тұрғын үйлерде орнатылған жағдайда зиянды кедергілерден ақылға қонымды түрде қорғауға арналған. Бұл жабдық радиожиилік энергиясын түрлендіріп, пайдаланып, таратуы мүмкін. Егер ол өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатылып, пайдаланылмаса, радиобайланысқа зиянды кедергілер туындатуы ықтимал. Дегенмен, белгілі бір орнатуда кедергі болмайтынына кепілдік жоқ. Егер жабдықты өшіріп-қосқан кезде радио немесе теледидар қабылдауында зиянды кедергілер анықталса, пайдаланушыға келесі шаралардың бірін немесе бірнешеуін қолданып, кедергіні жою ұсынылады:

- Қабылдаушы антеннаны қайта бағдарлаңыз немесе орнын ауыстырыңыз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектегі емес рэзеткеге қосыңыз.
- Көмек алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар жөндеушісіне жүгініңіз.

FCC РЖ сәулеленуі туралы ақпарат

Бұл жабдық қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес орнатылуы және пайдаланылуы тиіс, ал осы таратқыш үшін пайдаланылатын антенна (антенналар) барлық адамдардан кемінде 20 см қашықтықта орнатылуы және кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бірге орналастырылмауы немесе жұмыс істемеуі тиіс. Түпкі пайдаланушылар мен орнатушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларға антенналарды орнату нұсқаулары мен таратқыштың пайдалану шарттары ұсынылуы тиіс.

FCC РЖ қаупі туралы ескерту

ЕСКЕРТУ: Талаптардың орындалуына жауапты тараптың мақұлдауынсыз жасалған кез келген өзгерістер немесе жетілдірулер жабдықты пайдалану құқығыңыздан айыруы мүмкін.



Мониторды видеокартаға FCC талаптарына сәйкес қосу үшін экрандалған кабельдерді қолдану қажет. Талаптардың орындалуына жауапты тараптың мақұлдауынсыз осы құрылғыда жасалған кез келген өзгерістер немесе жетілдірулер пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Литийлі батарея туралы ескерту

САҚ БОЛҢЫЗ: Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупі бар. Өндіруші ұсынған бірдей немесе балама түріне ғана ауыстырыңыз. Пайдаланылған батареяларды өндірушінің нұсқауларына сәйкес қайта өңдеңіз.

РЖ жабдығына қатысты ескертулер

СЕ: Еуропалық қауымдастықтың сәйкестік туралы мәлімдемесі

Жабдық 1999/519/ЕС РЖ әсер ету талаптарына және электромагниттік өрістердің (0-300 ГГц) қоғамдық әсерін шектеу жөніндегі 1999 жылғы 12 шілдедегі Кеңес ұсынымына сәйкес келеді.

Сымсыз радионы пайдалану

Бұл құрылғы 5,15 пен 5,25 ГГц жиілік ауқымында, тек үй ішінде пайдалануға арналған.

Радиожиилік қуатымен сәуелену

Wi-Fi технологиясының шығарылатын қуаты FCC радиожиилік әсер ету шегінен төмен. Дегенмен, сымсыз жабдықты қалыпты пайдалану кезінде адаммен байланысу ықтималдығын барынша аз болуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Bluetooth сымсыз байланысы бойынша FCC талаптарымен сәйкестік

Осы таратқышпен пайдаланылатын антенна FCC рұқсат еткен басқа антеннамен немесе таратқышпен бірге орналаспауын және бірге жұмыс істемеуін қамтамасыз ету керек.

Жеңілдетілген ЕО талаптарына сәйкестік бойынша мәлімдеме

ASUSTek Computer Inc. компаниясы осымен бұл құрылғының 2014/53/EU директивасының маңызды талаптары мен басқа тиісті қағидаларына сәйкес келетіндігін жариялайды. ЕО талаптарына сәйкестік бойынша мәлімдеменің толық мәтіні мына мекенжай бойынша қолжетімді: <https://www.asus.com/support/>

Төмендегі кестеде келтірілген елдер үшін 5150–5350 МГц жиіліктер диапазонында жұмыс істейтін Wi-Fi желілерін тек бөлме ішінде пайдалануға рұқсат берілуі керек:

AT	BE	BG	CZ	DK	EE	FR
DE	IS	IE	IT	EL	ES	CY
LV	LI	LT	LU	HU	MT	NL
NO	PL	PT	RO	SI	SK	TR
FI	SE	CH	HR	UK(NI)		



CE RED PЖ шығысы кестесі

RTL8852BE

Функция	Жиілік	EIRP максималды шығыс қуаты (мВт)
Wi-Fi	2,4–2,4835 ГГц	< 100
	5,15–5,35 ГГц	< 200
	5,47–5,725 ГГц	< 200
	5,725–5,875 ГГц**	< 25
Bluetooth	2,4–2,4835 ГГц	< 100

* Қабылдағыш санаты 1

** Intel шығармаған модульдер: 5,725–5,85 ГГц

өндірілген елі: Қытайда жасалған

өндірушінің аты мен мекенжайы.:

ASUSTeK Computer Inc.

1F., No. 15, Lide Rd., Beitou Dist. Тайбэй Қаласы 11259, Тайвань, Қытай Республикасы

Телефон нөмірі: +886-2-2894-34

FCC COMPLIANCE INFORMATION

Per FCC Part 2 Section 2.1077



Responsible Party: Asus Computer International
Address: 48720 Kato Rd., Fremont, CA 94538
Phone/Fax No: (510)739-3777/(510)608-4555

hereby declares that the product

Product Name : Desktop PC
Model Number : VM501MH/VM501MHC/VM501MHES

compliance statement:

This device complies with part 15 of the FCC Rules. Operation is subject to the following two conditions: (1) This device may not cause harmful interference, and (2) this device must accept any interference received, including interference that may cause undesired operation.

Ver. 180125



ENERGY ENERGY STAR® талаптарына сай өнім

ENERGY STAR® – АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігі мен Энергетика министрлігінің бірлескен бағдарламасы. Ол қуатты үнемдейтін өнімдер мен тәсілдер арқылы ақша үнемдеуге және қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі.

ENERGY STAR® логотипі бар ASUS өнімдерінің барлығы ENERGY STAR® стандартына сай және қуатты басқару функциясы әдепкі күйде қосұлы болады. 10 минуттық

әрекетсіздіктен кейін монитор автоматты түрде ұйқы режиміне өтеді, ал 30 минуттық әрекетсіздіктен кейін компьютер ұйқы режиміне өтеді. Компьютерді ояту үшін тінтуірді түртіп, пернетақтадағы кез келген пернені немесе қуат түймесін басыңыз.

ENERGY STAR® бағдарламасы, қуатты үнемдеу мен қоршаған ортаға пайдасы туралы толық ақпаратты <https://www.energystar.gov> веб-сайтынан таба аласыз.

* Ескертпе: ENERGY STAR® бағдарламасына FreeDOS немесе Linux негізіндегі өнімдерде қолдау көрсетілмейді.



Осы нұсқаулықта қолданылатын шартты белгілер

Белгілі бір тапсырмалардың дұрыс орындалғанын қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықта қолданылатын келесі белгілерге назар аударыңыз.



ҚАУІП/ЕСКЕРТУ: Тапсырманы орындау аясында жарақаттанудың алдын алу туралы ақпарат.



САҚ БОЛЫҢЫЗ: Тапсырманы орындау кезінде құрамдастардың зақымдануын алдын алуға қатысты ақпарат.



МАҢЫЗДЫ: Тапсырманы орындау үшін орындау КЕРЕК нұсқаулар.



ЕСКЕРТПЕ: Тапсырманы орындауға көмектесетін кеңестер мен қосымша ақпарат.

Қауіпсіздік туралы ақпарат



Тазаламас бұрын айнаымалы ток қуатын және перифериялық құрылғыларды ажыратыңыз. Үстел компьютеріңізді таза целлюлозалық жөкемен немесе абразивті емес жуғыш зат ерітіндісімен және бірнеше тамшы жылы сумен ылғалданған күдері шүберекпен сүртіп, кейін артық ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.

- Бұдыр немесе тұрақсыз жұмыс беттеріне **ҚОЙМАҢЫЗ**. Егер корпус зақымдалған болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Лас немесе шаңды ортада **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**. Газ кемуі кезінде **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**.
- Үстіне зат қоюға немесе тастауға, сонымен қатар үстел компьютерінің ішіне бөгде заттарды салуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Мықты магниттік немесе электрлік өрістерде **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**.
- Сұйықтықтардың, жаңбырдың немесе ылғалдың қасында **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**. Электрлік дауыл кезінде модемді **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**.
- Батареяның қауіпсіздігі туралы ескерту: Батареяны отқа **ТАСТАМАҢЫЗ**. Түйіспелердің қысқа тұйықталуына **ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ**. Батареяны **БӨЛШЕКТЕМЕҢІЗ**.
- Бұл өнімді қоршаған орта температурасы 5°C және 35°C арасындағы ортада пайдаланыңыз.
- Жүйе қызып кетпес үшін үстел компьютерінің саңылауларын **ЖАППАҢЫЗ**.
- қуат сымдары, аксессуарлар және басқа да перифериялық құрылғыларды **ПАЙДАЛАБАҢЫЗ**.
- Электр тоғының соғуын алдын алу үшін жүйені жылжытпай тұрып, қуат кабелін электр рэзеткесінен ажыратыңыз.
- Адаптерді немесе ұзартқышты қолданбай тұрып, маманнан көмек сұраңыз. Бұл құрылғылар жерлендіру тізбегін үзуі мүмкін.
- Электр желісіндегі кернеу аймағыңыздағы кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер рэзеткенің кернеуіне сенімді болмасаңыз, жергілікті энергия компаниясына хабарласыңыз.
- Егер қуат көзі сынған болса, оны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Білікті техникалық маманға немесе сатушыға жүгініңіз.
- Үстел компьютері тасымалды емес.



Қауіпті қозғалатын бөліктер. Құрылғыға қызмет көрсетпес бұрын, үстел компьютерін толығымен өшіру керек. Желдеткіш құрамдастарын тек білікті қызмет көрсету мамандары ауыстыруы керек.

Қауіпті қозғалатын бөліктер туралы ескерту

ЕСКЕРТУ: Саусақтарыңызды және денеңіздің басқа мүшелерін қозғалатын бөліктерден алыс ұстаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғының ішкі бөліктеріне қол жеткізу үшін бұрандаларды БОСАТПАҢЫЗ. Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу қажет болған жағдайда, құрылғыны уәкілетті сервис орталығына қайтарыңыз.



ЕСКЕРТУ! Ыстық ішкі ауыстырмалы бөлшектер мен темір бөлшектер күйік тудыруы мүмкін.

Қамту хабарландыруы



МАҢЫЗДЫ! Электр оқшаулауын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оқшаулағыш жабын құрылғының I/O порттары орналасқан жерлерінен басқа барлық жерлерге қолданылады.



«Батареяны жұтып қоймаңыз, химиялық күйік алу қаупі бар».

Бұл өнімде тиын тәрізді/түймелі батарея бар. Егер тиын тәрізді немесе түймелі батарея жұтылса, ол бар болғаны 2 сағаттың ішінде ауыр ішкі күйік тудыруы және өлімге әкелуі мүмкін.

Жаңа және пайдаланылған батареяларды балалардан аулақ ұстаңыз.

Егер батарея бөлімі мықтап жабылмаса, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, оны балалардан аулақ ұстаңыз.

Егер батарея жұтылған немесе дененің кез келген бөлігіне енгізілген деп күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Оптикалық диск жетегінің қауіпсіздігі туралы ақпарат

Лазер қауіпсіздігі туралы ақпарат

1-САНАТТЫ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЛАЗЕР ӨНІМІ

EN 50689:2021



ЕСКЕРТУ! Оптикалық диск лазерінің сәулелерінен сақтану үшін дискіні өзіңіз бөлшектемеңіз немесе жөндеуге тырыспаңыз. Қауіпсіздігіңіз үшін техник маманнан көмек сұраңыз.

Қызмет көрсету жапсырмасы



ЕСКЕРТУ! АШЫҚ КҮЙІНДЕ КӨРІНБЕЙТІН ЛАЗЕРЛІК СӘУЛЕЛЕНУГЕ ҰШЫРАТУЫ МҮМКІН. СӘУЛЕГЕ ҚАРАМАҢЫЗ ЖӘНЕ ОПТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАРАП ЗЕРТТЕМЕҢІЗ.

CDRH Ережелері

АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасының Аспаптар және радиологиялық денсаулық орталығы (CDRH) 1976 жылдың 2 тамызында лазерлік өнімдерге қатысты ережелерді енгізді. Аталған ережелер 1976 жылдың 1 тамызынан кейін өндірілген лазерлік өнімдерге қолданылады. Америка Құрама Штаттарында сатылатын өнімдер талаптарға сәйкес болуы қажет.



ЕСКЕРТУ! Осы құжатта немесе лазерлік өнімді орнату нұсқаулығында көрсетілген басқа басқару элементтерін пайдалану, реттеулерді немесе процестерді орындау қауіпті сәулеленуге әкелуі мүмкін.

Қосымша ақпаратты қайда табуға болады

Қосымша ақпарат пен өнім немесе бағдарламалық құрал жаңартуларын алу үшін келесі көздерге жүгініңіз.

ASUS веб-сайты

ASUS веб-сайтында ASUS аппараттық және бағдарламалық өнімдері туралы өзекті ақпарат ұсынылған. ASUS веб-сайтына жүгініңіз www.asus.com.

ASUS жергілікті техникалық қолдау қызметі

Жергілікті техникалық қолдау инженерінің деректерін алу үшін <https://www.asus.com/support/contact> contact сілтемесі бойынша ASUS веб-сайтын қарап шығыңыз.


Нұсқаулық

Құралсыз: VM501MH/VM501MHC/VM501MHES сериясы құралдарды қажет етпейтін құрылымға ие. Сіз бұрандаларды қолмен бұрап, корпусы қиындықсыз бөлшектеп, қатты диск пен оптикалық диск жетегін оңай ауыстыра аласыз.

Ауыстырғаннан кейін VM501MH/VM501MHC/VM501MHES құрылғысын бастапқы күйінде жинаңыз. Ауыстыру және құрастыру туралы қосымша ақпаратты төмендегі сілтемеден қараңыз:

<https://www.youtube.com/watch?v=uWjnhf26xEU>

Жиынтық құрамы

		
ASUS үстел компьютері	Пернетақта x1 (Кейбір үлгілерде)	Тінтуір x1 (Кейбір үлгілерде)
		
Қуат сымы x1	ASUS тінтуір кілемшесі x 1 (Кейбір үлгілерде)	Орнату нұсқаулығы x1
		
Кепілдік картасы x1		



- Егер жоғарыда аталған заттардың кез келгені зақымдалған немесе жетіспейтін болса, сатушыға хабарласыңыз.
- Пернетақта Desktop және AIO жүйелерімен ортақ пайдалану үшін жасалған. Назар аударыңыз, Жарықтықты азайту және Жарықтықты арттыру пернелері тек AIO жүйелеріне арналған және Desktop жүйесінде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Суреттелген элементтер тек анықтама ретінде ұсынылған. Өнімнің іс жүзіндегі сипаттамалары үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

1-бөлім

Жұмысты бастау

Қош келдіңіз!

ASUS үстел компьютерін сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

ASUS үстелі компьютерлері озық өнімділігімен, мықты сапасымен және пайдаланушыға бағытталған құралдарымен ерекшеленеді. Аталған артықшылықтардың барлығы футуристік әрі заманауи дизайндағы корпуста жинақталған.



ASUS үстел компьютерін орнатпас бұрын ASUS кепілдік картасын қарап шығыңыз.



- Үстел компьютері Windows® 7 операциялық жүйесін қолдамайды. ASUS Windows® 7 операциялық жүйесін орнату нәтижесінде туындайтын кез келген шығындар немесе зақым үшін жауапкершілік артпайды.
 - Жарақат алмас үшін үстел компьютерін пайдаланғанда абай болыңыз.
-

Компьютеріңізбен танысу




Суреттер тек анықтама ретінде берілген. Порттар мен олардың орналасуы, сондай-ақ корпустың түсі әртүрлі үлгілерде өзгеше болуы мүмкін.



МАҢЫЗДЫ! Осы үстел компьютерін криптовалюта майнингі (айырбасталатын виртуалды валютаны өндіру үшін көп қуат пен уақыт жұмсау) және/немесе онымен байланысты қызметтер үшін пайдаланбаңыз.

VM501MH/VM501MHC/VM501MHES алдыңғы тақтасы




1. **Қуат түймесі.** Компьютеріңізді қосу үшін осы түймені басыңыз.
2. **HDD индикаторы.** Индикатор HDD қатты дискісінің күйін көрсету үшін жанады немесе жыпылықтайды.
3. **Құрама аудио ұясы.** Осы порт арқылы құлаққапты немесе динамикті қосуға болады. Сондай-ақ, гарнитураны немесе сыртқы микрофонды қосуға болады.
4. **USB 3.2 Gen 1 порттары.** Universal Serial Bus 3.2 Gen 1 (USB 3.2 Gen 1) порттары арқылы тінтуір, принтер, сканер, камера, PDA сияқты USB 3.2 Gen 1 құрылғыларын қосуға болады.
5. **USB 3.2 Gen 1 Type-C® порттары.** Universal Serial Bus 3.2 Gen 1 (USB 3.2 Gen 1) Type-C® порттары арқылы USB 3.2 Gen 1 Type-C® құрылғыларына қосылуға болады.



USB 3.2 Gen 1 Type-C® порттарының шығыс кернеуі 5 В және ағыны 3 А құрайды.

VM501MH/VM501MHC/VM501MHES артқы тақтасы



1. **HDMI™ порты.** Бұл порт High-Definition Multimedia Interface (HDMI™) ұясына арналған және HD DVD, Blu-ray және басқа қорғалған мазмұнды ойнатуға мүмкіндік беретін HDCP технологиясымен үйлесімді.
2. **DisplayPort.** Бұл порт DisplayPort-пен үйлесімді құрылғыға арналған.



- Орнатылған DisplayPort және HDMI™ порты тек кірістірілген графикасы бар процессорды қолданған кезде жұмыс істейді.
- Егер компьютеріңізде сыртқы графикалық карта болса, мониторды оның дисплей шығыс портына қосыңыз.

3. **USB 3.2 Gen 1 порттары.** Бұл 9 істікшелі әмбебап сериялық шина (USB) порт USB 3.2 Gen 1 құрылғыларына қосылады.
4. **USB 2.0 порттары.** Осы Universal Serial Bus 2.0 (USB 2.0) порттары арқылы тінтуір, принтер, сканер, камера, PDA сияқты USB 2.0 құрылғыларын қосуға болады.



BIOS жүйесінде USB Wake функциясы қосылу болса, жүйе осы портқа қосылған USB тінтуірін немесе пернетақтаны пайдаланған кезде қосылады немесе ұйқы режимінен шығады. (Осы опция әдепкі бойынша өшірілген.)

5. **Микрофон порты (қызыл).** Осы порт арқылы микрофонды қосуға болады.
6. **Желілік шығыс порты (ашық жасыл).** Осы порт арқылы құлаққапты немесе динамикті қосуға болады. 4, 5.1 немесе 7.1-арналы конфигурацияда бұл порт алдыңғы динамиктің шығысы ретінде қызмет атқарады.

7. **Желілік кіріс порты (көгілдір).** Бұл порт кассетаға, CD, DVD ойнатқышына немесе басқа дыбыс көздеріне қосылады.



2, 4, 5.1 немесе 7.1-арналы конфигурациядағы аудиопорттардың қызметін анықтау үшін төмендегі аудиоконфигурация кестесін қараңыз.

2, 4, 5.1 немесе 7.1-арналы аудиоконфигурациясы

Порт	2-арналы гарнитура	4-арналы	5,1-арналы	7,1-арналы
Ашық көк (Артқы тақта)	Желілік кіріс	Артқы динамиктің шығысы	Артқы динамиктің шығысы	Артқы динамиктің шығысы
Ашық жасыл (Артқы тақта)	Желілік шығыс	Алдыңғы динамиктің шығысы	Алдыңғы динамиктің шығысы	Алдыңғы динамиктің шығысы
Қызғылт (Артқы тақта)	Микрофон кірісі	Микрофон кірісі	Бас/орталық	Бас/орталық
Аудио комбо (Алдыңғы тақта)	Желілік шығыс	–	–	–

8. **Қуат қосқышы.** Қуат сымын осы қосқышқа қосыңыз.



КӨРСЕТКІШТЕР (PSU сипаттамаларына байланысты):


- 115/230 В айнымалы ток, 50/60 Гц, 3А/2А (Жалпы);
220 В~, 50 Гц, 2А (Қытайдың құрлықтық бөлігі);
115 В айнымалы ток, 60 Гц, 3А (Тайвань);
115/230 В айнымалы ток, 50/60 Гц, 3А/2А (Жапония; Корея)
- 115/230В айнымалы ток, 50/60Гц, 6А/3А (Ғаламдық);
220В~, 50Гц, 3А (Қытайдың материктік бөлігі);
115В айнымалы ток, 60Гц, 6А (Тайвань);
115/230В айнымалы ток, 50/60Гц, 6А/3А (Жапония; Корея)

9. **Ауа саңылаулары.** Бұл саңылаулар құрылғыны желдетуге мүмкіндік береді.



Шассидегі ауа саңылауларын бітеуге **БОЛМАЙДЫ**. Әрдайым компьютеріңіздің дұрыс желдетілуін қамтамасыз етіңіз.

10. **Кеңейту слоттарының кронштейндері.** Кеңейту картасын орнатқан кезде кеңейту слотының кронштейнін алыңыз.





- ASUS видеокартасы таңдаулы үлгілерде ұсынылған. Қосалқы ASUS видеокартасының кескін шығару порттары әртүрлі үлгілерде өзгешеленуі мүмкін.
- Толық нұсқаулар алу үшін **Компьютеріңізге видеокарта орнату** бөлімін қарап шығыңыз.

11. **LAN (RJ-45) порты.** Бұл порт желілік хаб арқылы жергілікті желіде (LAN) гигабиттік қосылымды қамтамасыз етеді.

LAN порты индикаторының белгілері

Белсенділік/Қосылым индикаторы		Жылдамдық индикаторы	
Күйі	Сипаттамасы	Күйі	Сипаттамасы
ӨШІРУЛІ	Қосылым жоқ	ӨШІРУЛІ	10 Мбит/с қосылымы
ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ	Қосылған	ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ	100 Мбит/с қосылымы
ЖЫПЫЛЫҚТАУ	Деректер белсенділігі	ЖАСЫЛ	1 Гбит/с қосылымы


БЕЛС./ҚОСЫЛУ
ИНДИКАТОРЫ



LAN порты

Компьютеріңізге жад орнату

Бұл үстел компьютері DDR5 (Double Data Rate 5) жад модульдеріне арналған екі Small Outline Dual Inline Memory Modules (SO-DIMM) жүреді.





DIMM_A2
DIMM_A1

Арна	Ұялар
А арнасы	DIMM_A1 & DIMM_A2

Ұсынылатын жад конфигурациялары

- Жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету және жүктеу кезінде туындауы мүмкін ақауларды болдырмау үшін төмендегі орнату реттілігін сақтаңыз.

	DIMM_A1	DIMM_A2
1 x DIMM	✓	x
2 x DIMM	✓	✓




- Бір арнаның ұяларына бірдей өндірушінің, бірдей сыйымдылықтағы DIMM модульдерін орнатыңыз.

Бірыңғай жад сыйымдылығы	DIMM_A1	DIMM_A2
Жалпы жад сыйымдылығы		
8 ГБ	8 ГБ	
16 ГБ	16 ГБ	
16 ГБ	8 ГБ	8 ГБ
32 ГБ	32 ГБ	
32 ГБ	16 ГБ	16 ГБ
64 ГБ	32 ГБ	32 ГБ

Компьютеріңізге жад орнату үшін:

1. Компьютеріңізді өшіру.
2. Компьютеріңізге жалғанған барлық кабельді ажыратыңыз.
3. Компьютеріңіздің корпусын ашыңыз.
4. Жылу желдеткішін алып тастаңыз.
5. Бос SO-DIMM ұясын табыңыз.
6. Жад модулінің төменгі жиегіндегі ойықты SO-DIMM ұяшығының ұясымен туралаңыз.
7. Модульдің астыңғы жағын ұяға тиісті бұрышта салыңыз.
8. Модуль салынған кезде, бекітпелер бекітілмейінше оны итеріңіз.



9. Жылу желдеткішін орнатыңыз.
10. Компьютеріңіздің корпусын жабыңыз.




Жоғарыдағы суреттер тек анықтама ретінде берілген. Үстел компьютерінің ішкі құрылымы өзгеше болуы мүмкін.


Компьютеріңізге видеокарта орнату

Компьютеріңізге видеокарта орнату үшін:


1. Компьютеріңізді өшіру.
2. Компьютеріңізге жалғанған барлық кабельді ажыратыңыз.
3. Егер алғашқы рет немесе видеокартаны орнатып жатсаңыз, компьютеріңіздің корпусын ашып, PCIEX16 слотын табыңыз.
4. Видеокартадағы ойықты ұяшық бекітпесімен туралап, содан кейін картаны ұяға салыңыз.




5. Итергіш автоматты түрде орнына қайтады.



6. Бұрағыш пен бұранда арқылы видеокартаны шассиге бекітіңіз.



7. (Міндетті емес) Видеокартаға тиісті қуат көзінің ашасын қосыңыз.



Компьютеріңізді орнату

Бұл бөлімде сыртқы монитор, пернетақта, тінтуір және қуат кабелі сияқты негізгі аппараттық құрылғылардың компьютерге қосылуы сипатталады.


Сыртқы мониторды қосу

Кірістірілген кескін шығару порттарын пайдалану

Мониторды кірістірілген кескін шығару портына қосыңыз.

Кірістірілген кескін шығару порттары арқылы сыртқы мониторды қосу үшін:


1. Мониторды компьютердің артындағы кескін шығару портына қосыңыз.
2. Мониторды қуат көзіне жалғаңыз.



- Егер компьютеріңіз ASUS видеокартасымен жабдықталған болса, видеокарта BIOS жүйесінде негізгі дисплей құрылғысы ретінде орнатылады. Сондықтан мониторды видеокартадағы кескін шығару портына қосыңыз.
- Компьютерге бірнеше сыртқы монитор қосу үшін осы нұсқаулықтағы **Бірнеше сыртқы дисплейлерді қосу** бөлімін қараңыз.


USB пернетақтасы мен USB тінтуірін қосу

USB пернетақтасы мен USB тінтуірін компьютеріңіздің артындағы USB порттарына қосыңыз.



Қуат сымын қосу

Қуат сымының бір ұшын компьютердің артқы тақтасындағы қуат ұясына, ал екіншісін қуат көзіне қосыңыз.



•Қауіпсіздік мақсатында қуат сымын ТЕК жерге тұйықталған электр рәзеткесіне қосыңыз.


Компьютеріңізді қосу

Бұл бөлімде компьютерді орнатқаннан кейін оны қалай қосу керектігі сипатталған.

Компьютеріңізді қосу

Компьютеріңізді қосу үшін:

1. Компьютеріңізді қосыңыз.
2. Компьютеріңіздегі қуат түймесін басыңыз.



3. Операциялық жүйенің автоматты түрде жүктелуін күтіңіз.

Жылдам қосуды белсендіру

Жылдам қосу белсенді болған кезде компьютерді өшіруге болады.

Өшіру параметрлерінде жылдам қосуды белсендіру үшін:

Іздеу жолағынан **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын тауып, оны ашыңыз (**View by: Category (Көрініс реттілігі: Санат)**), **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** > **Power Options (Қуат параметрлері)** > **Choose what the power button does (Қуат түймесінің функцияларын таңдау)** бөліміне өтіп, **Change settings that are currently unavailable (Қазіргі уақытта қолжетімсіз параметрлерді өзгерту)** түймесін басып, **Turn on fast startup (recommended) (Жылдам қосуды белсендіру (ұсынылған))** опциясының жанына құсбелгі қойыңыз және **Save changes (Өзгерістерді сақтау)** түймесін басыңыз.

Define power buttons and turn on password protection

Choose the power settings that you want for your computer. The changes you make to the settings on this page apply to all of your power plans.

Power and sleep button settings

- When I press the power button: Shut down
- When I press the sleep button: Sleep

Shutdown settings

- ☐ **Turn on fast startup (recommended)**
This helps start your PC faster after shutdown. Restart isn't affected. [Learn More](#)
- ☒ **Sleep**
Show in Power menu.
- ☒ **Hibernate**
Show in Power menu.
- ☒ **Lock**
Show in account picture menu.

Жылдам қосу өшірілсе, компьютерді өшірген кезде ол S5 қуат күйіне өтеді.

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

2-бөлім

Құрылғыларды компьютеріңізге қосу

USB сақтау құрылғысын қосу

Бұл үстел компьютерінің алдыңғы және артқы тақталарында USB 3.2 Gen 1 Type-C®, USB 3.2 Gen 1 және USB 2.0 порттары бар. USB порттары арқылы деректерді сақтау құрылғылары сияқты USB құрылғыларын қосуға болады.


USB сақтау құрылғысын қосу үшін:

- USB сақтау құрылғысын компьютерге салыңыз.



BIOS Setup жүйесінде USB 3.2 Gen 1 Type-C®, USB 3.2 Gen 1 және USB 2.0 алдыңғы және артқы порттарын бөлек-бөлек қосуға немесе өшіруге болады. Толығырақ білу үшін осы нұсқаулықтың 3-бөліміндегі **BIOS арқылы USB порттарын теңшеу** бөлімшесін қараңыз.

Алдыңғы тақта



Артқы тақта




Микрофон мен динамиктерді қосу

Осы үстел компьютерінің алдыңғы және артқы тақталары микрофон және динамик порттарымен жабдықталған. Артқы тақтада орналасқан аудио I/O порттары 2-арналы, 4-арналы, 5.1-арналы және 7.1-арналы стерео динамиктерді қосуға мүмкіндік береді.




- Егер үстел компьютері ішкі динамикпен жабдықталған болса, дыбыс сол динамик арқылы шығарылады.
- Құлаққап немесе динамик сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын қосқанда, дыбыс шығысын қосу керек. Толығырақ білу үшін **Сыртқы аудио шығысына ауысу** бөліміне жүгініңіз.
- Аудио құрылғыны ажыратқан кезде, аудио шығысын басқару тақтасында ішкі динамикке қолмен ауыстыру қажет.


Құлаққап пен микрофонды қосу




2-арналы динамикті қосу




4-арналы динамикті қосу



5,1-арналы динамикті қосу



7,1-арналы динамикті қосу



Сыртқы аудио шығысына ауысу

Сыртқы аудио құрылғысын үстел компьютерімен жалғаған кезде таза дыбыс сапасын қамтамасыз ету үшін құрылғының аудио шығысын қосу керек.


Сыртқы аудио шығысына ауысу үшін:

1. Құлаққап немесе динамик сияқты сыртқы аудио құрылғыны артқы желілік шығыс портына қосыңыз. Audio Manager экраны автоматты түрде қалқып шығады.




Артқы желілік шығыс портының орналасуын білу үшін **Компьютеріңізбен танысу** бөліміне жүгініңіз.

2. **Front Speaker Out (Алдыңғы динамиктің) шығысы** құсбелгісін қойып, **OK** түймесін басыңыз.



3. **Line In (Желілік кіріс)** құсбелгісін қойып, **OK** түймесін басыңыз. Енді дыбыс сыртқы аудио құрылғысынан шығарылады.



Жоғарыдағы Audio Manager скриншоттары тек анықтама ретінде берілген.

Бірнеше сыртқы дисплейлерді қосу


Сіздің үстел компьютеріңіз VGA, HDMI™ немесе DisplayPort порттары арқылы бірнеше сыртқы мониторды қосуға мүмкіндік береді.

Бірнеше дисплейді орнату

Бірнеше мониторды пайдаланғанда, кескін шығару режимдерін орнатуға болады. Қосалқы мониторды негізгі дисплейді қосарлайтын немесе Windows жұмыс үстелін кеңейтетін қосымша экран ретінде пайдалануға болады.

Бірнеше дисплейді орнату үшін:

1. Компьютеріңізді өшіру.
2. Екі мониторды компьютерге қосып, оларға қуат сымдарын жалғаңыз. Компьютеріңізге мониторды қалай қосу керектігін білу үшін 1-бөлімнің **Компьютеріңізді орнату** бөлімшесіне жүгініңіз.



3. Компьютеріңізді қосыңыз.
4. Қосу мәзіріндегі **Settings (Параметрлер) > System (Жүйе) > Display (Дисплей)** түймесін түртіңіз.
5. Дисплейлеріңіздің параметрлерін реттеңіз.




Кейбір видеокарталар үшін POST кезінде негізгі ретінде орнатылған монитор ғана көрсетіледі. Қос дисплей функциясы тек Windows жүйесінде жұмыс істейді.

HDTV қосу

Компьютердің HDMI™ портына жоғары ажыратымдылықтағы теледидарды (HDTV) қосыңыз.



- HDTV мен компьютерді жалғау үшін сізге HDMI™ кабелі қажет. HDMI™ кабелі бөлек сатып алынады.
- Дисплейдің үздік өнімділігін қамтамасыз ету үшін HDMI™ кабелінің ұзындығы 15 метрден аспайтынына көз жеткізіңіз.



3-бөлім

Компьютеріңізді пайдалану

Үстел компьютерін пайдаланғанда дұрыс отыру

Үстел компьютерімен жұмыс істегенде білектеріңізге, қолдарыңызға және басқа буындар мен бұлшықеттерге ауыртпалық түсірмеу үшін дұрыс отыру маңызды. Бұл бөлімде үстел компьютерін пайдалану кезінде физикалық ыңғайсыздықты және ықтимал жарақаттарды болдырмауға көмектесетін кеңестер берілген.



Дұрыс отыру үшін:


- Теруге ыңғайлы болу үшін компьютерлік креслолыңызды шынтақтарыңыз пернетақта деңгейінде немесе оның үстінде болатындай етіп реттеңіз.
- Жамбастың артқы бөлігіне жүктемені азайту үшін орындықтың биіктігін тізеңіз жамбасыңыздан сәл жоғары болатындай етіп реттеңіз. Қажет болса, тізеңізді көтеру үшін аяқ тірегін пайдаланыңыз.
- Орындықтың артқы жағын омыртқаның негізіне мықтап тіреліп, сәл артқа қарай еңкейетіндей етіп реттеңіз.
- Компьютерде отырғанда тізе, шынтақ және жамбасыңыз шамамен 90° бұрышта орналасатындай етіп түзу отырыңыз.
- Мониторды тікелей алдыңызға қойып, экранның үстіңгі бөлігін көздеріңіз аздап төмен қарайтындай етіп орналастырыңыз.
- Тінтуірді пернетақтаға жақын ұстаңыз және теру кезінде білегіңізге түсетін жүктемені азайту үшін қажет болған жағдайда білек тірегін қолданыңыз.
- Үстел компьютерімен жақсы жарықтандырылған жерде жұмыс істеңіз, бірақ оны терезелер мен тікелей күн сәулесі түсетін жерлерден аулақ қойыңыз.
- Үстел компьютерінде жұмыс істегенде үнемі үзіліс жасап отырыңыз.

BIOS арқылы USB порттарын теңшеу

BIOS Setup жүйесінде USB 3.2 Gen 1 Type-C®, USB 3.2 Gen 1 және USB 2.0 алдыңғы және артқы порттарын қосуға немесе өшіруге болады.

Алдыңғы және артқы USB 3.2 Gen 1 Type-C®, USB 3.2 Gen 1 және USB 2.0 порттарын қосу және өшіру үшін:

1. Қосу кезінде BIOS Setup жүйесіне кіру үшін <Delete> түймесін басыңыз.
2. BIOS Setup EZ Mode экранында кеңейтілген режимге кіру үшін <F7> түймесін басыңыз. Кеңейтілген режим экранында **Advanced Mode (Кеңейтілген режим) > Security (Қауіпсіздік) > I/O Interface Security (I/O интерфейсінің қауіпсіздігі) > USB Interface Security (USB интерфейсінің қауіпсіздігі) > USB Port Control (USB портын басқару)** түймесін басыңыз.
3. Қосқыңыз немесе өшіргізіс келетін USB портын таңдаңыз.
4. Таңдалған USB портын қосу немесе өшіру үшін <Enter> түймесін басыңыз.
5. Жасалған өзгертулерді сақтау үшін **Exit (Шығу)** түймесін басып, **Save Changes & Reset (Өзгертулерді сақтау және қалпына келтіру)** түймесін басыңыз.



USB порттарының орналасуын 1-бөлімнен қараңыз.

BIOS арқылы HDD қауіпсіздігін орнату

HDD қатты дискісін қорғау үшін BIOS Setup жүйесі арқылы құпиясөзді орнатуға болады.


BIOS Setup жүйесі арқылы HDD қатты дискісінің құпиясөзін орнату үшін:

1. Қосу кезінде BIOS Setup жүйесіне кіру үшін <Delete> түймесін басыңыз.
2. BIOS Setup EZ Mode экранында кеңейтілген режимге кіру үшін <F7> түймесін басыңыз. Кеңейтілген режим экранында **Security (Қауіпсіздік) > HDDx: [name of HDD] (HDDx: [HDD атауы])** түймесін басыңыз.
3. **Set Master Password (Негізгі құпиясөзді орнату)** тармағын таңдап, <Enter> түймесін басыңыз.

4. **Create New Password (Жаңа құпиясөзді жасау)** өрісінде құпиясөзді теріп, <Enter>> түймесін басыңыз.
5. Сұралған кезде құпиясөзді растаңыз.
6. **Set User Password (Пайдаланушы құпиясөзін орнату)** тармағын таңдап, <Enter> түймесін басыңыз.
7. Пайдаланушы құпиясөзін орнату үшін 4 және 5-қадамдарды орындаңыз.
8. Жасалған өзгертулерді сақтау үшін **Exit (Шығу)** түймесін басып, **Save Changes & Reset (Өзгертулерді сақтау және қалпына келтіру)** түймесін басыңыз.



HDD қатты дискісіне кіру үшін қажет болатын осы құпиясөзді жазып алыңыз.



BIOS Setup жүйесі арқылы HDD қатты дискісінің құпиясөзін орнату үшін:

1. HDD құпиясөзі экранын ашу үшін алдыңғы бөлімнің 1 және 2-қадамдарын орындаңыз.
2. **Set Master Password (Негізгі құпиясөзді орнату)** тармағын таңдап, <Enter> түймесін басыңыз.
3. **Enter Current Password (Ағымдағы құпиясөзді енгізу)** өрісінде ағымдағы құпиясөзді теріп, <Enter> түймесін басыңыз.
4. **Create New Password (Жаңа құпиясөзді жасау)** өрісінде жаңа құпиясөзді теріп, <Enter> түймесін басыңыз.
5. Сұралған кезде құпиясөзді растаңыз.
6. Жасалған өзгертулерді сақтау үшін **Exit (Шығу)** түймесін басып, **Save Changes & Reset (Өзгертулерді сақтау және қалпына келтіру)** түймесін басыңыз.

Пайдаланушы құпиясөзін өшіру үшін құпиясөзді өзгерту кезеңіндегі қадамдарды орындаңыз, бірақ құпиясөзді жасау/растау сұралғанда <Enter>> түймесін басыңыз. Құпиясөзді жойғаннан кейін экранның жоғарғы жағындағы **Set User Password (Пайдаланушы құпиясөзін орнату)** элементі **Not Installed (Орнатылмаған)** деп көрсетіледі.

BIOS арқылы пернетақтаны/тінтуірді теңшеу (таңдаулы үлгілерде ғана)

Компьютеріңізді пернетақта немесе тінтуір арқылы оятуға болады. Бұл функцияны BIOS Setup арқылы қосуға болады.

Компьютеріңізді пернетақта немесе тінтуір арқылы ояту үшін:

1. Компьютеріңізді қайта қосыңыз. ASUS логотипі пайда болған кезде BIOS Setup бөліміне өту үшін <Delete> түймесін басыңыз.
2. BIOS Setup EZ Mode экранында кеңейтілген режимге кіру үшін <F7> түймесін басыңыз. Кеңейтілген режим экранында **Advanced (Кеңейтілген)** түймесін басыңыз.
3. **Advanced Power Management (Кеңейтілген қуатты басқару) > ErP Support / ErP Ready (ErP қолдауы / ErP дайын)** бөліміне өтіп, содан кейін **Disable (Өшіру)** немесе **Enable (S5) (Қосу (S5))** опциясын таңдаңыз.
4. **Advanced Power Management (Кеңейтілген қуатты басқару) > Power On By USB Keyboard/Mouse (USB пернетақтасы/тінтуірі арқылы қуатты қосу)** бөліміне өтіп, **Enable (Қосу)** опциясын таңдаңыз.
5. Жасалған өзгертулерді сақтау үшін **Exit (Шығу)** түймесін басып, **Save Changes & Reset (Өзгертулерді сақтау және қалпына келтіру)** түймесін басыңыз.

Жеке деректеріңізді жою

МАҢЫЗДЫ! Жеке деректерді қорғау және оларды қауіпсіз қайта пайдалану немесе қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін, ДК-дегі барлық деректер файлдарын сақтық көшірмесін жасап, ДК-ден барлық деректерді жойғаныңызға көз жеткізіңіз.

Жеке деректеріңізді қауіпсіз түрде жою үшін, АҚШ стандарты NIST SP 800-88, IEEE 2883 бойынша BIOS арқылы медиа тазалауды орындау арқылы немесе Десктоп ДК-ні зауыттық параметрлеріне қалпына келтіру арқылы жүзеге асыруға болады.

Десктоп ПК-ны қалпына келтіру үшін **Start (Бастау) > Settings (Параметрлер) > System (Жүйе) > Recovery (Қалпына келтіру) > Reset this PC (Осы ПК-ны қалпына келтіру) > Remove everything (Барлығын жою)** бөліміне өтіңіз.

Толығырақ ақпарат алу үшін кіріңіз.

<http://www.asus.com/support/faq/1013063/>.

4-бөлім

Интернетке қосылу

Сымды байланыс

Компьютерді DSL/кабельдік модемге немесе жергілікті желіге (LAN) қосу үшін RJ-45 кабелін пайдаланыңыз.

DSL/кабельдік модем арқылы қосылу


DSL/кабельдік модем арқылы қосылу үшін:

1. DSL/кабельдік модеміңізді орнатыңыз.



DSL/кабельдік модеммен бірге берілген құжаттамаға жүгініңіз.

2. RJ-45 кабелінің бір ұшын компьютердің артындағы LAN (RJ-45) портына, ал екінші ұшын DSL/кабельдік модемге жалғаңыз.



3. DSL/кабельдік модемді және компьютерді қосыңыз.
4. Интернетке қосылу үшін қажетті параметрлерді орнатыңыз.




- Интернет қосылымын орнату туралы ақпарат немесе көмек алу үшін желі әкімшісіне хабарласыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін **Configuring a dynamic IP/PPPoE network connection (Динамикалық IP/PPPoE желі қосылымын орнату)** немесе **Configuring a static IP network connection (Статикалық IP желі қосылымын орнату)** бөліміне жүгініңіз.

Жергілікті желі (LAN) арқылы қосылу

LAN арқылы қосылу үшін:

1. RJ-45 кабелінің бір ұшын компьютердің артындағы LAN портына (RJ-45), ал екінші ұшын жергілікті желіге қосыңыз.



2. Компьютеріңізді қосыңыз.
3. Интернетке қосылу үшін қажетті параметрлерді орнатыңыз.





- Интернет қосылымын орнату туралы ақпарат немесе көмек алу үшін желі әкімшісіне хабарласыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін **Configuring a dynamic IP/PPPoE network connection (Динамикалық IP/PPPoE желі қосылымын орнату)** немесе **Configuring a static IP network connection (Статикалық IP желі қосылымын орнату)** бөліміне жүгініңіз.

Динамикалық IP/PPPoE желі қосылымын орнату


Динамикалық IP/PPPoE желі қосылымын орнату үшін:

1. **Network and Sharing Center (Желі және ортақ пайдалану орталығы)** осы екі жолдың бірімен іске қосыңыз:
 - а) Тапсырмалар тақтасын тінтуірдің оң жақ түймесімен басып  содан кейін **Open Network and Sharing Center (Желі және ортақ пайдалану орталығын ашу)** тармағын таңдаңыз.
 - ә) Қосу мәзірінде **Settings (Параметрлер) > Network & Internet (Желі және интернет) > Ethernet (Интернет) > Network and Sharing Center (Желі және ортақ пайдалану орталығы)** түймесін басыңыз.
2. Желі және ортақ пайдалану орталығы экранында **Change Adapter settings (Адаптер параметрлерін өзгерту)** түймесін басыңыз.
3. LAN желіңізді тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Properties (Қасиеттер)** опциясын таңдаңыз.
4. **Internet Protocol Version 4(TCP/IPv4) (Интернет протоколының 4 нұсқасы(TCP/IPv4))** түймесін басып, **Properties (Қасиеттер)** түймесін басыңыз.
5. **Obtain an IP address automatically (IP мекенжайын автоматты түрде алу)** түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз.




Егер PPPoE қосылымын қолдансаңыз, келесі қадамдарға өтіңіз.


6. **Network and Sharing Center (Желі және ортақ пайдалану орталығы)** бөліміне оралып, **Set up a new connection or network (Жаңа қосылымды немесе желіні орнату)** түймесін басыңыз.



7. **Connect to the Internet (Интернетке қосылу)** түймесін басып, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.




8. **Broadband (PPPoE) (Кең жолақты желі (PPPoE))** түймесін басып, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.
9. Орнатуды аяқтау үшін экрандағы келесі нұсқауларды орындаңыз.



Статикалық IP желі қосылымын орнату

Статикалық IP желі қосылымын орнату үшін:

1. Алдыңғы бөлімдегі 1-4 қадамдарды қайталаңыз.
2. **Use the following IP address (Келесі IP мекенжайын пайдалану)** түймесін басыңыз.
3. Қызмет провайдерінің IP мекенжайын, ішкі желі маскасын және шлюзді көрсетіңіз.
4. Қажет болса, негізгі DNS серверінің мекенжайын және балама мекенжайды енгізіңіз.
5. Аяқтаған кезде, **OK** түймесін басыңыз.




5-бөлім

ASUS Business Manager құралын пайдалану

ASUS Business Manager

ASUS менеджері – ASUS компьютеріңізді орнатуға және оған қызмет көрсетуге арналған құралдар жиынтығы. Толық ақпарат алу үшін <https://www.asus.com/support/FAQ/1042634/> сілтемесіне жүгініңіз.



URL мекенжайы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

[illegible]

6-бөлім

Техникалық ақауларды жою

Техникалық ақауларды жою

Бұл бөлімде сізге кездесетін кейбір мәселелер және олардың ықтимал шешімдері ұсынылған.

? **Менің компьютерім қосылмайды, ал алдыңғы тақтадағы жарықдиодты қуат шамы жанбайды.**

- Компьютердің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Қабырғалық рэзеткенің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат көзі қосулы екеніне көз жеткізіңіз. 1-бөлімнің **Компьютеріңізді қосу** тармағына жүгініңіз.

? **Менің компьютерім қатып қалуда.**

- Жауап бермейтін бағдарламаларды жабу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Бір уақытта пернетақтадағы <Alt> + <Ctrl> + <Delete> пернелерін басып, содан кейін **Task Manager (Тапсырмалар диспетчері)** түймесін басыңыз.
 2. Жауап бермейтін бағдарламаны таңдап, **End Task (Тапсырманы аяқтау)** түймесін басыңыз.
- Егер пернетақта жауап бермесе, компьютер өшпейінше корпустағы қуат түймесін басып тұрыңыз. Кейін оны қосу үшін қуат түймесін басыңыз.

? **ASUS WLAN картасы арқылы сымсыз желіге қосыла алмаймын (тек таңдаулы үлгілерде)**

- Қосылғыңыз келетін сымсыз желі үшін дұрыс желілік қауіпсіздік кілтін енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Сыртқы антенналарды (кейбір үлгілерде) ASUS WLAN картасындағы антенна қосқыштарына жалғаңыз және сымсыз байланыстың жақсы жұмыс істеуі үшін антеннаны компьютердің үстіне орналастырыңыз.

? **Мен M.2 Wi-Fi/ M.2 SSD модулін M. 2 слотына сала алмай жатырмын.**

Аналық платадағы нұсқауларды орындап, M.2 Wi-Fi/M.2 SSD модулін тиісті M.2 слотына дұрыс орнатқаныңызға көз жеткізіңіз.

? Сандық пернетақтадағы көрсеткі пернелері жұмыс істемейді.

Сандарды құлыптау индикаторы жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз. Сандарды құлыптау индикаторы жанған кезде, сандық пернетақта пернелері тек сандарды енгізу үшін ғана қолданылады. Сандық пернетақтадағы көрсеткі пернелерді пайдаланғыңыз келсе, индикаторды өшіру үшін сандарды құлыптау пернесін басыңыз.

? Мониторда кескін жоқ.

- Монитор қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Монитордың компьютердегі бейне шығысы портына дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Егер компьютеріңіз дискретті видеокартамен жабдықталған болса, мониторды дискретті видеокартадағы бейне шығыс портына қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Монитордың бейне қосқышының түйіспелері бүгілмегеніне көз жеткізіңіз. Егер монитор түйіспелерінің бүгілгені байқалса, монитордың бейне ұясының кабелін ауыстырыңыз.
- Монитордың қуат көзіне дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Техникалық қауаларды жою туралы қосымша ақпаратты монитормен бірге берілген құжаттамадан табыңыз.

? Бірнеше мониторды пайдалансам да, тек біреуінен ғана кескін көрсетіледі.

- Екі монитордың да қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
- POST сынағы кезінде экранда тек VGA портына қосылған монитор көрсетіледі. Қос дисплей функциясы тек Windows жүйесінде жұмыс істейді.
- Егер компьютерде видеокарта орнатылған болса, мониторлардың видеокартаның шығыс портына дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Бірнеше дисплей параметрлерінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

? Менің компьютерім USB сақтау құрылғысын анықтай алмауда.

- USB сақтау құрылғысын компьютерге алғаш қосқан кезде Windows оның драйверін автоматты түрде орнатады. Біраз күтіп, USB сақтау құрылғысының анықталғанына көз жеткізу үшін Менің компьютерім бөліміне өтіңіз.
- USB сақтау құрылғысын басқа компьютерге қосып, оның бұзылмағанын немесе жұмыс істемеп тұрғанын тексеріңіз.

? **Мен өзімнің жеке файлдарым мен деректеріме әсер етпей, компьютерімнің жүйелік параметрлерін қалпына келтіргім немесе өзгерістерден бас тартқым келеді.**

Сіз Windows® 11 операциялық жүйесінің **Refresh your PC without affecting your files (Файлдарға зақым келтірместен компьютеріңізді жаңарту)** қалпына келтіру опциясын пайдаланып, құжаттар немесе фотосуреттер сияқты жеке файлдарыңыз бен деректеріңізге әсер етпей, компьютердің жүйелік параметрлерін қалпына келтіруге немесе өзгерістерден бас тартуға болады. Осы қалпына келтіру опциясын қолдану үшін Қосу мәзіріндегі **Settings (Параметрлер) > Update & recovery (Жаңарту және қалпына келтіру) > Recovery (Қалпына келтіру)** опциясын таңдап, **Refresh your PC without affecting your files (Файлдарға зақым келтірместен компьютеріңізді жаңарту)** тармағын таңдап, **Get started (Бастау)** түймесін басыңыз.

? **HDTV кескіні бұрмалануда.**

- Бұл мәселе мониториыңыз бен HDTV-ның әртүрлі ажыратымдылығына байланысты туындап отыр. Экран ажыратымдылығын HDTV-ге сәйкес реттеңіз. Экран ажыратымдылығын өзгерту үшін:
 - Қосу мәзіріндегі **Settings (Параметрлер) > System (Жүйе) > Display (Дисплей)** түймесін түртіңіз.

? **Менің динамиктерімнен дыбыс шықпауда.**

- Динамиктерді алдыңғы немесе артқы тақтадағы желілік шығыс портына (ашық жасыл) қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Динамик қуат көзіне жалғанғанына және қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- Динамиктердің дыбысын реттеңіз.
- Компьютердің жүйелік дыбыстары өшірілмегеніне көз жеткізіңіз.
 - Егер дыбыс өшірілсе, дыбыс белгішесі  болып көрсетіледі. Жүйенің дыбыстарын қосу үшін Windows хабарландыру аймағындағы  түртіп,  басыңыз.
 - Егер дыбыс өшірілмесе, дыбыс деңгейін реттеу үшін  түймесін басып, жүгірткіні сүйреңіз.
- Динамиктердің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін оларды басқа компьютерге қосыңыз.

Қуат

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Қуат жоқ (Қуат индикаторы өшірулі)	Қуат кернеуі жарамсыз	- Компьютердің қуат кернеуінің қосқышын аймағыңыздағы қуат талаптарына сәйкес дұрыс орнатыңыз. - Кернеу параметрлерін реттеңіз. Қуат сымының рэзеткеден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
	Компьютеріңіз қосылмаған.	Компьютер қосулы екеніне көз жеткізу үшін алдыңғы тақтадағы қуат түймесін басыңыз.
	Компьютердің қуат сымы дұрыс қосылмаған.	- Қуат сымы дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. - Басқа үйлесімді қуат сымын пайдаланыңыз.
	Қуат көзінің ақаулары	Компьютеріңізге басқа қуат көзін орнату үшін ASUS қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дисплей

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Компьютерді қосқаннан кейін кескін көрсетілмейді (қара экран)	Сигнал кабелі компьютердегі дұрыс VGA портына қосылмаған.	- Сигнал кабелін қажетті дисплей портына қосыңыз (кіріктірілген VGA немесе дискретті VGA порты). - Егер дискретті VGA картасын пайдалансаңыз, сигнал кабелін дискретті VGA портына жалғаңыз.
	Сигнал кабелінің мәселелері	Басқа мониторға қосылып көріңіз.

LAN

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Интернетке кіру мүмкін емес	LAN кабелі жалғанбаған.	LAN кабелін компьютеріңізге жалғаңыз.
	LAN кабелінің мәселелері	LAN индикаторы қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Болмаса, басқа LAN кабелін пайдаланыңыз. Егер мәселе шешілмесе, ASUS қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
	Сіздің компьютеріңіз маршрутизаторға немесе хабқа дұрыс қосылмаған.	Компьютердің маршрутизаторға немесе хабқа дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Желі параметрлері	Дұрыс LAN параметрлерін алу үшін интернет провайдеріңізге (ISP) хабарласыңыз.
	Вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтамадан туындаған мәселелер	Вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтаманы жабыңыз.
	Драйвер мәселелері	LAN драйверін қайта орнатыңыз

Аудио

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Аудио жоқ	Динамик немесе құлаққап дұрыс емес портқа қосылған.	- Дұрыс портты білу үшін компьютердің пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз. - Динамикті ажыратып, компьютерге қайта қосыңыз.
	Динамик немесе құлаққап жұмыс істемейді.	Басқа динамикті немесе құлаққапты қолданып көріңіз.
	Алдыңғы және артқы аудиопорттар жұмыс істемейді.	Алдыңғы және артқы аудиопорттарды пайдаланып көріңіз. Егер бір порт жұмыс істемесе, оның көпарналы етіп орнатылмағанына көз жеткізіңіз.
	Драйвер мәселелері	Аудио драйверін қайта орнатыңыз

Жүйе

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Жүйе жылдамдығы тым баяу	Тым көп бағдарлама қосулы.	Кейбір бағдарламаларды жабыңыз.
	Компьютерлік вирустың шабуылы	- Вирустарды анықтап, компьютерді қалпына келтіру үшін антивирустық бағдарламаны пайдаланыңыз. - Операциялық жүйені қайта орнатыңыз.
Жүйе жиі қатып қалады немесе баяу жұмыс істейді.	HDD ақаулығы	- Зақымдалған қатты дискіге қызмет көрсету үшін оны ASUS қызмет көрсету орталығына тапсырыңыз. - Қатты дискіні жаңасына ауыстырыңыз.
	Жад модулінің мәселелері	- Үйлесімді жад модульдерімен ауыстырыңыз. - Орнатылған қосымша жад модульдерін алып, әрекетті қайталаңыз. - Көмек алу үшін ASUS қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
	Компьютеріңіздің желдетілуі жеткіліксіз.	Компьютерді ауа айналымы жақсы жерге жылжытыңыз.
	Сәйкес келмейтін бағдарламалық жасақтама орнатылған.	Операциялық жүйені қайта орнатып, үйлесімді бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз.
Жүйе жүктелмейді	PCIEX16 слотына видеокарта мен сақтау құрылғысынан басқа кеңейту картасы орнатылған.	Бұл кеңейту картасын кез келген басқа PCIe слотына орнатып, жүйені қайта қосыңыз.

Процессор

Мәселе	Ықтимал шешімі	Әрекет
Компьютер қосылған кезде тым көп шу шығарады.	Компьютеріңіз жүктелуде.	Бұл қалыпты жағдай. Компьютерді қосқан кезде желдеткіш толық жылдамдықпен жұмыс істейді. Операциялық жүйеге кіргеннен кейін желдеткіш баяулайды.
	BIOS параметрлері өзгертілді.	BIOS параметрлерін әдепкі күйіне келтіріңіз.
	BIOS нұсқасы ескірді	BIOS-ты соңғы нұсқаға дейін жаңартыңыз. BIOS-ты соңғы нұсқасын жүктеп алу үшін https://www.asus.com/support/ сілтемесі бойынша өтіңіз.
Жұмыс кезінде компьютер тым шулы.	Компьютердің желдетілуі жеткіліксіз.	Компьютеріңіз тұрған бөлменің ауа айналымы жақсы екеніне көз жеткізіңіз.
	Жүйе температурасы тым жоғары.	• BIOS-ты жаңартыңыз. • Егер сіз аналық платаны қалай қайта орнату керектігін білсеңіз, корпусыңың ішін тазалап көріңіз. • Көмек алу үшін ASUS қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Мәселе шешілмесе, үстел компьютерінің кепілдік картасын қарап, ASUS қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Қызмет көрсету орталығының ақпаратын білу үшін <https://www.asus.com/support/> сілтемесі бойынша ASUS қолдау сайтына өтіңіз.

Қосымша

Windows® жүйесімен жұмыс істеу

Алғашқы рет қосу

Компьютерді алғаш рет қосқан кезде Windows® операциялық жүйесін орнатуға көмектесетін бірнеше экран пайда болады. Келесі негізгі элементтерді орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз:

- Дербестендіру
- Желіге қосу
- Параметрлер
- Сіздің тіркелгіңіз

Негізгі элементтерді орнатқаннан кейін Windows® қолданбалар мен қажетті параметрлерді орната бастайды. Орнату процесінде компьютердің қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Орнату процесі аяқталғаннан кейін жұмыс үстелі пайда болады.



Осы бөлімдегі скриншоттар тек анықтама ретінде берілген.

Мәзірді қосу

Бастау мәзірі – компьютердегі бағдарламаларға, Windows® қолданбаларына, қалталарға және параметрлерге апаратын негізгі жол. Бастау мәзірі арқылы бірқатар маңызды әрекетті орындауға болады:

- Бағдарламаларды немесе Windows® қолданбаларын қосу
- Жиі пайдаланатын бағдарламаларды немесе Windows® қолданбаларын ашу
- Компьютер параметрлерін реттеу
- Windows® операциялық жүйесімен жұмыс істеу бойынша көмек алу
- Компьютеріңізді өшіру
- Windows® жүйесінен шығу немесе басқа пайдаланушы тіркелгісіне ауысу

Қосу мәзірін белсендіру

Қосу мәзірін екі жолмен белсендіре аласыз:

- Тінтуірді жұмыс үстеліндегі Бастау белгішесінің үстіне апарып, басыңыз.
- Пернетақтаңыздағы Windows® логотипі пернесін  басыңыз.

Бастау мәзірінен бағдарламаларды ашу

«Бастау» мәзірінің жиі қолданылатын функциясы – компьютерде орнатылған бағдарламаларды ашу. Бағдарламаларды екі жолмен қоса аласыз:

- Тінтуірді бағдарлама белгішесінің үстіне апарып, оны басыңыз.
- Бағдарламаларды шарлау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз. Оны қосу үшін  түймесін басыңыз.

Windows® қолданбалары



Кейбір Windows® қолданбалары толығымен қосылмас бұрын Microsoft тіркелгісіне кіруді талап етеді.

Бастау мәзірінен Windows® қолданбаларын ашу

Windows® қолданбаларын екі жолмен аша аласыз:

- Тінтуірді қолданбаның үстіне апарып, оны қосу үшін басыңыз.
- Қолданбаларды шарлау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз. Қолданбаны қосу үшін  түймесін басыңыз.

Сымсыз желілерге қосылу

Wi-Fi

Компьютердің Wi-Fi қосылымын пайдаланып, электрондық поштаға кіріп, Интернетті шарлап, әлеуметтік желілерде қолданбаларды бөлісіңіз.

Wi-Fi қосу

Келесі қадамдарды орындап, компьютерді Wi-Fi желісіне қосыңыз:

1. Wi-Fi қосу үшін тапсырмалар тақтасындағы **Wi-Fi** белгішесін түртіңіз/басыңыз.
2. Қолжетімді Wi-Fi қосылымдарының ішінен кіру нүктесін таңдаңыз.
3. Желіге қосылу үшін **Connect (Қосылу)** түймесін басыңыз.



Wi-Fi қосылымын белсендіру үшін қауіпсіздік кілтін енгізу сұралуы мүмкін.

Bluetooth

Басқа Bluetooth үйлесімді құрылғылармен деректерді сымсыз алмасу үшін Bluetooth функциясын пайдаланыңыз.

Басқа Bluetooth үйлесімді құрылғылармен жұптастыру

Деректерді бөлісу үшін компьютерді басқа Bluetooth үйлесімді құрылғылармен жұптастыру керек. Келесі қадамдарды орындап, құрылғыларды қосыңыз:

1. Бастау мәзірінен **Settings (Параметрлер)** опциясын қосыңыз.
2. Bluetooth үйлесімді құрылғыларды табу үшін **Devices (Құрылғылар) > Bluetooth** опциясын таңдаңыз. (Windows® 10 үшін)

Bluetooth үйлесімді құрылғыларды табу үшін **Bluetooth & devices (Bluetooth және құрылғылар) > Add device (Құрылғы қосу)** опциясын таңдаңыз. (Windows® 11 үшін)

3. Компьютерді құрылғымен жұптастыру үшін тізімнен құрылғыны таңдаңыз.



Кейбір Bluetooth үйлесімді құрылғыларда сізден компьютерге кіру кодын енгізу сұралуы мүмкін.

Сымды желілерге қосылу

Сондай-ақ, компьютердің LAN портын пайдаланып LAN және кең жолақты интернет қосылымдары сияқты сымды желілерге қосылуға болады.



• Интернет қосылымын орнату туралы ақпарат немесе көмек алу үшін интернет қызмет провайдеріне немесе желі әкімшісіне хабарласыңыз.

Компьютеріңізді өшіру

Келесі процедуралардың бірін орындау арқылы компьютерді өшіруге болады:

- Бастау мәзірін ашып, қуат белгішесін таңдап, әдеттегідей өшіру үшін **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдаңыз.

Жүйеге кіру экранынан қуат белгішесін таңдап, **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдаңыз.

- Windows жүйесін өшіру үшін  +  түймесін басыңыз. Ашылмалы тізімнен **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Компьютер жауап бермесе, қуат түймесін компьютер өшкенше кемінде төрт (4) секунд басып тұрыңыз.

Жылдам қосу белсендірілген кезде компьютеріңізді өшіру

Жылдам қосу белсендірілген кезде компьютеріңізді өшіру режиміне орната аласыз: Іздеу жолағынан Control Panel (Басқару тақтасы) тармағын тауып, оны ашыңыз (**View by: Category (Көрініс реттілігі: Санат)**), **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** > **Power Options (Қуат параметрлері)** > **Choose what the power button does (Қуат түймесінің функцияларын таңдау)** бөліміне өтіп, **Change settings that are currently unavailable (Қазіргі уақытта қолжетімсіз параметрлерді өзгерту)** түймесін басып, **Turn on fast startup (recommended) (Жылдам қосуды белсендіру (ұсынылған))** опциясының жанына құсбелгі қойыңыз және **Save changes (Өзгерістерді сақтау)** түймесін басыңыз.

- Бастау мәзірін ашып, қуат белгішесін таңдап, әдеттегідей өшіру үшін **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдаңыз.

Жүйеге кіру экранынан қуат белгішесін таңдап, **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдаңыз.

- Windows жүйесін өшіру үшін  +  түймесін басыңыз. Ашылмалы тізімнен **Shut down (Өшіру)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Компьютер жауап бермесе, қуат түймесін компьютер өшкенше кемінде төрт (4) секунд басып тұрыңыз.

Компьютеріңізді ұйқы режиміне орнату

Компьютеріңізді келесі екі жолмен ұйқы режиміне орната аласыз:

- Компьютерді ұйқы режиміне орнату үшін Бастау мәзірін қосып, қуат белгішесін таңдап, **Sleep (Ұйқы)** опциясын қосыңыз.
Жүйеге кіру экранынан қуат белгішесін таңдап, **Sleep (Ұйқы)** опциясын таңдаңыз.
- Windows жүйесін өшіру үшін  +  түймесін басыңыз. Ашылмалы тізімнен **Sleep (Ұйқы)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.



Компьютеріңізді қуат түймесін бір рет басу арқылы ұйқы режиміне қоя аласыз.
